



**№ 4 (40)
2015**

Меншік иесі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
Т.Е. Қаудыров
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің 20 жылдығына арналған салтанаттық жиналыстағы ҚР Әділет министрі Б.М. Имашевтың сөйлеген сөзі	7
Конституциялық және әкімшілік құқық	11
Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА Президенттің Жүз қадамын жүзеге асыру аясындағы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметті жетілдірудің негізгі бағыттары	11
З.К. АЮПОВА, Д.Ө. ҚҰСАЙЫНОВ Заңды процестер қазіргі құқықтық интеграцияның негізгі құрамдас бөлігі ретінде.....	18
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	25
В.Т. ҚОНЫС Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердегі банк омбудсманы.....	25
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Д.М. ШӘМШЕКБАЕВ Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша рента шартын құқықтық реттеудің кейбір мәселелері.....	33
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Е.В. НЕСТЕРОВА, Д.М. ТҰРЛЫБЕК Шарттық міндеттемелер бөлігіндегі азаматтық заңнаманы жетілдіру (жалпы ережелер және мүлікті беру туралы шарттық міндеттемелер)	39
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	44
А.Қ. ҚАНАТОВ Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыруды (жылыстатуды) жіктеу проблемасы (жаңашылдықты мониторингілеу)	44
Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу барысында Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодексін қолданудың кейбір мәселелері	49
А.К. КҰРМАНОВА, Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ Кепілдегі мүлікке тыйым салудан босату, оның ішінде қылмыстық процесте тыйым салудан босату туралы, азаматтық талап қоюды қараудың құқықтық аспектілері	54
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	61
М.А. СӘРСЕМБАЕВ, Қ.М. СӘРСЕМБАЕВ, Д.М. СӘРСЕМБАЕВ The theme of terrorism in international law documents: proposals for their perfection (Халықаралық құқықтық құжаттардағы терроризм тақырыбы: оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар).....	61

Ж.И. ИБРАГИМОВ, Ж.С. ДАЙЫРОВА Еуропалық Одақтағы шешімдер қабылдау тетіктерінің өзекті ережелері	71
Е.А. ОМАРОВ, Б.О. БЕРЕМКУЛОВ Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсетудің құқықтық базасын жетілдіру мәселелері	77
Д.Х. ПЕРНЕЕВ Қосарланған салық салудан жалтарудың кейбір мәселелері туралы	84
Құқықтық мониторинг	88
Т.С. САФАРОВА Құқықтық мониторинг Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты тұрғысынан: теориялық-талдау аспект	88
С.Б. АЙСИН, З.Ғ. ҚАЗИЕВ Заңнама тиімділігін зерттеудің шетелдік тәжірибесі	92
Ә.Ғ. ҚАЗБАЕВА Нормативтік құқықтық актілерге қоғамдық мониторингінің теоретикалық аспектілері	96
Е.А. ДҮЙСЕНОВ, О.Қ. ҚАРАҚОЖАЕВ Қазақстан Республикасында қоғамдық ұйымдардың құқықтық мониторинг жүргізуге қатысуы	101
Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен	105
Ш.Р. МЫРЗАЕВА, Т.Е. МҮШАНОВ Ұлттық заңнамадағы терминология мәселелері	105
Е. САФУАНИ, А. КАДИРОВА Заңнамада терминнің атқаратын рөлі	110
А.А. МЕДИНАЕВА Қолданыстағы заңнаманың тілдік кемшіліктері	114
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Халықаралық шарт мәтінінің теңтүпнұсқалылығы мәселелері	119
Г.М. ЖЕТЕПОВА Аударма тіліндегі терминдер мәселелері	123
Шетелдік тәжірибе	127
О.В. БЕЛЮСОВА (Мәскеу қ.) Еуропалық Одақтың Латын Америка мемлекеттерімен халықаралық экономикалық қарым-қатынасы	127
Жас ғалым мінбері	134
Д.М. ТҰРЛЫБЕК Тиімді салық саясаты және шағын бизнесті дамыту – өзара әрекеттесудің баламалы жолдары	134
Е.К. АХМЕТОВ Нормативтік құқықтық актілерге қоғамдық мониторинг туралы	139
А.С. ӘБДІКӘРІМОВА Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлықтың қазіргі жай-күйі және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды тергеудің проблемалары.....	144
Ә. ЖҰМАБЕКОВА Еуропалық Одақтағы халықаралық шарттарды әзірлеу мен жасау және Ұлыбританияның Одаққа қатысты «ерекше рөлі»	149
Ж.А. МАМИТОВА Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы құжаттарды жіктеу туралы	155
Ж.Б. УӘЛИЕВА Заманауи қылмыстық құқықтық саясат қағидаларына сай отандық заңнамада кінә ұғымын бекіту мәселелері	161
Ә.Қ. ҚАПЫШЕВА Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік реформалау халықаралық тәжірибесі	167
А.М. БЫТЫМБАЕВ Шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзудың мазмұны мен жалпы сипаттамасы	172
Ж. МУСИНА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы мүлікті тәркілеу: құқықтық реттеудегі жаңа ұстанымдар	177
Д.Б. БАЙСАҒАТОВА Қазақстан Республикасының халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимылдағы рөлі	183
Т.Б. ЖҰМАҒҰЛОВ Су қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ұйымдар және олардың қызметі. Құқықтық аспектілер	189
А.М. МАТЫШОВА Жасырын тергеу әрекеттерінің құқықтық реттелу мәселелері	193
Б.Н. ТӘЖІБАЕВ Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік белгілері	199

<i>Ақпараттық хабарламалар</i>	207
2015 ж. 5-6 қарашада Астана қ. өткізілген «Әкімшілік акт: шығару, мазмұны және дау айту» тақырыбында әкімшілік құқық бойынша алтыншы халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама	207
<i>Даналық ойлар</i>	213





**№ 4 (40)
2015**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Каудыров
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Приветственное слово Министра юстиции РК Б.М. Имашева на торжественном собрании, посвященном 20-летию Конституционного Совета Республики Казахстан.....	9
Конституционное и административное право	11
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА Основные направления совершенствования государственной службы в Республике Казахстан в свете реализации 100 шагов Президента	11
З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ Юридические процессы как составляющая основа современной правовой интеграции	18
Гражданское и гражданско-процессуальное право	25
В.Т. КОНУСОВА Банковский омбудсман в Республике Казахстан и в зарубежных странах	25
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Д.М. ШАМШЕКБАЕВ Некоторые вопросы правового регулирования договора ренты по законодательству Республики Казахстан	33
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Е.В. НЕСТЕРОВА, Д.М. ТУРЛЫБЕК Совершенствование гражданского законодательства в части договорных обязательств (общие положения и договорные обязательства о передаче имущества)	39
Уголовное право и уголовный процесс	44
А.К. КАНАТОВ Проблема квалификации отмыывания денег и (или) иного имущества, полученных преступным путем (мониторинг нововведений)	44
К.Е. ИСМАГУЛОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Некоторые вопросы применения норм УК и УПК при расследовании преступлений коррупционной направленности	49
А.К. КУРМАНОВА, Қ.Е. ИСМАГУЛОВ Правовые аспекты рассмотрения гражданских исков об освобождении имущества, находящегося в залоге, от ареста, в том числе и в уголовном процессе	54
Международное право и сравнительное правоведение	61
М.А. САРСЕМБАЕВ, К.М. САРСЕМБАЕВ, Д.М. САРСЕМБАЕВ The theme of terrorism in international law documents: proposals for their perfection (Тема о терроризме в международно-правовых документах: предложения по их усовершенствованию)	61

Ж.И. ИБРАГИМОВ, Ж.С. ДАИРОВА Актуальные положения механизмов принятия решений в ЕС	71
Е.А. ОМАРОВ, Б.О. БЕРЕМКУЛОВ Вопросы совершенствования правовой базы оказания взаимной правовой помощи по уголовным делам	77
Д.Х. ПЕРНЕЕВ О некоторых вопросах избежания двойного налогообложения	84
Правовой мониторинг	88
Т.С. САФАРОВА Правовой мониторинг в контексте правовой политики Республики Казахстан: теоретико-аналитический аспект	88
С.Б. АЙСИН, З.Г. КАЗИЕВ Опыт зарубежных стран по изучению эффективности законодательства	92
А.Г. КАЗБАЕВА Теоретические аспекты общественного мониторинга нормативных правовых актов	96
Е.А. ДЮСЕНОВ, О.К. КАРАКОЖАЕВ Участие общественных организаций в проведении правового мониторинга в Республике Казахстан	101
Из практики законодательства на государственном языке	105
Ш.Р. МЫРЗАЕВА, Т.Е. МУШАНОВ Вопросы терминологии в национальном законодательстве	105
Е. САФУАНИ, А. КАДИРОВА Роль термина в законодательстве	110
А.А. МЕДИНАЕВА Языковые недочеты действующего законодательства	114
Л.С. ТУРГАНБАЕВА Вопросы аутентичности текстов международных договоров	119
Г.М. ЖЕТЕПОВА Проблемы терминологии в переводческом деле	123
Зарубежный опыт	127
О.В. БЕЛОУСОВА (г. Москва) Международное экономическое сотрудничество ЕС с государствами Латинской Америки	127
Трибуна молодого ученого	134
Д.М. ТҰРЛЫБЕК Эффективная налоговая политика и развитие малого бизнеса – альтернативные пути взаимодействия	134
Е.К. АХМЕТОВ Об общественном мониторинге нормативных правовых актов	139
А.С. АБДИКАРИМОВА Современное состояние коррупции и проблема расследования коррупционных правонарушений в Республике Казахстан	144
А. ЖУМАБЕКОВА Разработка и заключение международных договоров в Европейском Союзе и «особая роль» Великобритании по отношению к союзу	149
Ж.А. МАМИТОВА К вопросу о классификации международных антикоррупционных документов	155
Ж.Б. УАЛИЕВА Проблемы определения вины в отечественном законодательстве, соответствующей принципам современной уголовно-правовой политики	161
А.К. КАПЫШЕВА Международный опыт реформирования государственно-частного партнерства	167
А.М. БЫТЫМБАЕВ Содержание и общая характеристика нарушения экологических требований к хозяйственной или иной деятельности	172
Ж. МУСИНА Конфискация имущества в уголовном законодательстве республики казахстан: новые подходы в правовом регулировании	177
Д.Б. БАЙСАГАТОВА Роль Республики Казахстан в противодействии международному терроризму и экстремизму	183
Т.Б. ЖУМАГУЛОВ Международные организации и их деятельность в области обеспечения безопасности воды. Правовые аспекты	189
А.М. МАТЫШОВА Вопросы правового регулирования негласных следственных действий	193
Б.Н. ТАЖИБАЕВ Объективные признаки медицинских уголовных правонарушений	199

Информационные сообщения	208
---------------------------------------	------------

Информационное сообщение о шестой международной научно-практической конференции по административному праву на тему: «Административный акт: издание, содержание и оспаривание» 5-6 ноября 2015 года в г. Астана	208
--	-----

Мудрые мысли	213
---------------------------	------------





Мусина Жания,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратура жанындағы
Құқық қорғау органдары Академиясының докторанты,
құқық магистрі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ МҮЛІКТІ ТӘРКІЛЕУ: ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДЕГІ ЖАҢА ҰСТАНЫМДАР

Ескі замандардан бастап бүгінгі күнге дейін барлық дерлік мемлекеттерде мүлікті тәркілеу түріндегі қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы қылмыстылықпен күрестің қажетті де тиімді құралы ретінде қолданылып келеді. Бұл шараның латын тіліндегі атауы – confiscation – мүлікті қазынаға алып қою дегенді білдіреді.

Қылмыстылық күн санап ұйымдасқан, пайдакүнемдік, сыбайлас жемқорлық сипат алып бара жатқан кезеңде мүлікті тәркілеу жазасының әлеуметтік-құқықтық маңызын мына екі жайттан көруге болады: біріншіден, бұл шараның әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру әлеуеті өте жоғары, екіншіден, бұл шара қылмыстылықтың экономикалық тұғырын шайқалта алады.

Мүлікті тәркілеу жаза түрі ретінде Кеңес заманындағы барлық қылмыстық заңдарда көзделген болатын және мемлекет оны қылмыскерлерге әсер етудің пәрменді шарасы деп бағалайтын. Кеңес заманындағы қылмыстық заңнамадағы мүлікті тәркілеу институтының дамуына талдау жасаған А.А.Иванова мүлікті тәркілеу ұғымының анықтамасында дәстүр жалғастығы бар екенін және оны қолдану аясы үнемі кеңейтіліп отырғанын айтады [1, 180]. Кеңестер Одағында мүлікті тәркілеудің негізінен мемлекеттік меншікке қарсы қылмыстар үшін тағайындалуы оның іс жүзінде мемлекетке келтірілген залалды қалпына келтіру құралы болғандығын көрсетеді.

Ғалымдар мүлікті тәркілеудің пайдакүнемдік қылмыстармен күрестегі тиімділігін ерекше атап, оның құндылығын қылмыс жасаған адамның қажеттіліктерінің құрылымын өзгертуімен, оның қылмыстық кәсібінің мәнсіздігін көрсетуімен түсіндіреді [2, 71-73]. Дегенмен,

сотталған адамның меншігі болып табылатын мүлікті толығымен тәркілеу мүмкіндігі ғылыми даулар тудырып, шетел мемлекеттері тәрпынан қатал сынға алынып келді.

Қазақстан тәуелсіздік алған соң қабылданған тұңғыш Қылмыстық кодексте мүлікті тәркілеу жазасының мазмұны бастапқыда еш өзгерген жоқ. 1997 жылғы ҚР ҚК 51-бабының бастапқы редакциясында мүлікті тәркілеу «сотталған адамның меншігі болып табылатын мүліктің бәрін немесе бір бөлігін мемлекеттің меншігіне мәжбүрлеп өтеусіз алу» деп анықталды. Мүлікті тәркілеу пайдакүнемдік ниетпен жасалған қылмыстар үшін тағайындалатын қосымша жаза болып табылады. Сотталған адамға немесе оның асырауындағы адамдарға қажетті тәркілеуге жатпайтын мүліктің тізбесі қылмыстық-атқару заңнамасымен анықталады.

Заманауи қылмыстық-құқықтық саясаттың әлеуметтік мәнін ашатын адам, қоғам және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен жазаны ізгіліктендіру мақсаттары қылмыстық жауаптылықты әрі қарай жіктеу, қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының алдын алушылық әсерін арттыру міндеттерін қойды. Жаңа тарихи кезеңде қылмыстық құқық теориясында қылмыстық жауаптылық аясында қолданылатын шараларды қылмыстардың алдын алу, оны туындататын себептер мен шарттарды жою әлеуеті бар құқықтық құралдармен толықтыру мәселесі ерекше өзектілікке ие болды.

2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексінің қабылдануымен мүлікті тәркілеу жазасын құқықтық реттеудегі жаңа кезең басталды. Жаңа Кодекстің 48-бабында мүлікті тәркілеу «сотталған адамның меншігіндегі, заңсыз

жолмен табылған не заңсыз жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікті мәжбүрлеп өтеусіз алып қою және мемлекеттің меншігіне айналдыру» деп анықталады.

Тәркілеуге жататын мүліктің қатарында мыналар аталады:

1) қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған ақша мен өзге мүлік және осы мүліктен алынған кез келген табыс (занды иесіне қайтарылуға жататын мүлікті және одан түскен табыстарды қоспағанда);

2) қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған мүлік пен осы мүліктен алынған табыстар ішінара немесе толығымен ауыстырылған немесе айналдырылған мүлік;

3) экстремистік немесе террористік әрекетті не қылмыстық топты қаржыландыруға немесе өзге де қамтамасыз етуге пайдаланылатын немесе арналған мүлік;

4) қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын ақша және өзге мүлік.

Жаңа Қылмыстық кодекстің 48-баб. 2-бөлігінің тармақтарында көзделген тәркіленуге жататын мүліктің дербес түрлерін басшылыққа ала отырып, мүлікті тәркілеудің төрт түрін бөліп қарастыруға болар еді. Алайда, ҚР ҚК 48-баб. 2-бөл. 1 және 2-тармақтарында аталған мүліктердің түп тамыры бір. Мысалы, қылмыскер құны 5 млн теңгелік автокөлікті ұрлап, оны 3 млн теңгеге сатты делік. Бұл мысалда автокөлік ақшаға айналдырылып қойғандықтан, 3 млн теңге сомасындағы ақша қаражаты тәркіленуі керек. Олай болса, ҚР жаңа қылмыстық заңнамасы мүлікті тәркілеудің үш түрін бөліп қарастыруға негіз береді: 1) қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған ақша мен өзге мүлікті және осы мүліктен алынған кез келген табысты немесе олар ішінара немесе толығымен ауыстырылған немесе айналдырылған мүлікті тәркілеу; 2) экстремистік немесе террористік әрекетті не қылмыстық топты қаржыландыруға немесе өзге де қамтамасыз етуге пайдаланылатын немесе арналған мүлікті тәркілеу; 3) қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын ақша және өзге мүлікті тәркілеу.

Тәркіленуі тиіс мүліктің қатарында заңсыз жолмен табылған немесе заңсыз жолмен табылған қаражаттан түскен мүлік пен қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болған мүліктің ғана аталуы қылмыстық-атқару

заңнамасында тәркіленуге жатпайтын мүліктің арнайы тізбесін жасау қажеттігін жойды.

Осылайша, жаңа қылмыстық заңнамада мемлекет сотталған адамның меншігі болып табылатын кез келген мүлікті тәркілеу тәжірибесінен үзілді-кесілді бас тартуды көздеп отыр. Мүлікті тәркілеу жазасын құқықтық реттеудегі жаңа бағыт Қазақстанның халықаралық міндеттемелерінің ықпалымен қалыптасуда.

Қазіргі кезде халықаралық конвенциялардың бірқатарында мемлекеттерге ұлттық заңнамада қылмысты жолмен алынған табыстарды, қылмыс құралдары мен қаруларын, қылмыс заты болған мүлікті тәркілеуді көздеу ұсынылады. Халықаралық құқықта мүлікті тәркілеу оны заңнамада көздеу мен қолдану мемлекеттің міндеті ретінде бекітілген бірден-бір құқықтық санкция болып табылады [3, 152]. Әлемдік қауымдастық бұл шараға халықаралық ұйымдасқан қылмыстылықтың терроризм, есірткі саудасы, қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыру және сыбайлас жемқорлық сияқты көріністерімен күресте ерекше маңыз береді.

Халықаралық құқықта мүлікті тәркілеу институты әмбебап және аймақтық конвенциялармен реттеледі және қылмысты қызметтен табыс табумен ұштасатын түрлі қылмыстармен күрестің міндетті элементі сапасында бекітіледі.

Мүше-мемлекеттерге ұлттық заңнамада тәркілеуді көздеу міндеттемесін жүктей отырып, халықаралық конвенциялар оларға жергілікті құқықтық дәстүрлерді ескеріп тәркілеудің нақты ерекшеліктерін өз бетінше анықтау мүмкіндігін береді. Солай болғанымен, халықаралық-құқықтық құжаттардан мүше-мемлекеттерге ұлттық заңнамада жалпы тәркілеуді (сотталған адамның меншігі болып табылатын мүлікті толығымен немесе ішінара тәркілеу) емес, арнайы тәркілеуді (қылмыстық жолмен алынған табыстарды, қылмыс құралдары мен қаруларын, қылмыс заты болған мүлікті тәркілеу) көздеу міндеті жүктелетіні айқын көрініп тұр.

Мүлікті тәркілеудің мәртебесін анықтайтын Қазақстан ратификациялаған халықаралық-құқықтық құжаттардың қатарында мыналарды ерекше атау қажет:

- Біріккен Ұлттар Ұйымының 2003 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы (2008 жылғы 4 мамырдағы ҚР Заңымен ратификацияланған) [4];

- Терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес

туралы халықаралық 1999 жылғы конвенция (2002 жылғы 2 қазандағы ҚР Заңымен ратификацияланған) [5];

- Біріккен Ұлттар Ұйымының 2000 жылғы Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясы (2008 жылғы 4 мамырдағы ҚР Заңымен ратификацияланған) [6];

- Еуропа Кеңесінің 1990 жылғы Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы конвенциясы (2011 жылғы 2 мамырдағы ҚР Заңымен ратификацияланған) [7].

Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының және Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясының 2-баптарында тәркілеу – «соттың немесе басқа да құзыретті органның қаулысы бойынша мүліктен мүлде айыру» деп анықталады. Осы орайда Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенцияның 12-бабының 1-тармағында тәркіленетін мүлік ретінде қылмыстардан түскен табыстар немесе өзінің құны осындай табыстардың құнына сәйкес келетін мүліктер; қылмыстарды жасау кезінде пайдаланылған немесе пайдалануға арналған мүліктер, жабдықтар немесе басқа да құралдар аталады. Қатысушы мемлекеттер аталған мүліктерді тәркілеу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қажет болатындай шараларды өздерінің ішкі құқықтық жүйелері аясында мүмкін болатындай барынша жоғары дәрежеде қабылдауға міндеттенеді. Нақ осындай ережелер Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенцияда да тұжырымдалған.

Еуропа Кеңесінің Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы конвенциясының 2-бабында тараптардың «құралдарды және табыстарды немесе құны осы табыстарға сәйкес болатын мүлікті тәркілеуге мүмкіндік беретін заңнамалық және басқа қажетті шаралар қабылдайтыны» жайлы айтылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенцияның 31-бабы мен Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенцияның 12-бабы қылмыстық жолмен алынған табыстардың кез келген нысандарымен тиімді күресудің қосымша кепілдіктерін көздейді: тікелей қылмыстан түскен табыстардан өзге «қылмыстардан түскен табыстардан алынған, қылмыстардан түскен табыстар айналдырылған немесе өзгертілінген мүліктен түскен немесе қылмыстан түскен табыстар қосылған мүліктен түскен пайдалар мен басқа олжалар» да тәркіленуі тиіс.

Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы конвенцияның 4-бабы және жоғарыда аталған өзге де Конвенциялар мүше-мемлекеттерге қылмысты жолмен алынған табыстарды анықтау мақсатында өз соттарына және басқа құзыретті органдарына банктік, қаржылық немесе коммерциялық құжаттарды талап ету немесе тыйым салуға құқық беретін заңнамалық және басқа қажетті шараларды қабылдауды жүктейді. Бұл орайда банктік құпия деген сылтаумен аталған талапты орындаудан бас тартуға болмайды.

Терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы халықаралық конвенцияда өзге Конвенцияларда көрініс таппаған мәселе реттеледі. Оның 8-бабына сай әрбір қатысушы мемлекет тәркілеу нәтижесінде алынған қаражатты террористік қылмыстардың құрбандарына немесе олардың отбасы мүшелеріне өтемақы төлеу үшін пайдалану тетіктерін қарастыруға тиіс.

Жоғарыда келтірілген халықаралық-құқықтық актілердің ұлттық заңнамаға ықпалы айқын көрініп тұр. Біздің мемлекет «құралдарды және табыстарды немесе құны осы табыстарға сәйкес болатын мүлікті тәркілеуге мүмкіндік беретін заңнамалық және басқа қажетті шараларды» қолға алып отыр.

Осындай «шаралардың» ең маңыздыларының бірі–2009жылғы28тамызда«Қылмыстықжолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының қабылдануы. Бұл Заңның негізіне Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсыныстары қаланды.

2014 жылғы ҚР ҚК 467-бабына сай бұл Кодекстің мүлікті тәркілеу туралы бабы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қана қолданысқа енгізіледі. Аталған кезеңге дейін 1997 жылғы ҚР ҚК 51-бабы өз күшін сақтап қалады. Дегенмен жаңа қылмыстық заңнаманың мүлікті тәркілеу жазасын көздейтін нормаларын қолдану барысында туындауы мүмкін проблемаларды қазірден бастап болжап, олардың оңтайлы шешімдерін іздестіре беру керек.

Жаңа заңнамада мүлікті тәркілеу жазасы тағайындалуы мүмкін қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрі нақтыланбаған. 1997 жылғы ҚР ҚК бойынша мүлікті тәркілеу пайдакүнемдік ниетпен жасалған қылмыстар үшін ғана тағайындала алады. Кейбір шетелдік мемлекеттерде (мысалы, Ресейде) мүлікті

тәркілеу тағайындалуы мүмкін қылмыстардың шектеулі тізімі қылмыстық заңнамада бекітіледі.

2014 жылғы ҚР ҚК Ерекше бөлімін талдау көрсеткеніндей, мүлікті тәркілеу жазасы Ерекше бөлімнің 12 тарауының 220 санкциясында көзделген, олардың ішінен 152 санкцияда мүлікті тәркілеу міндетті қосымша жаза ретінде көзделген. Тәркілеу жазасы көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлығы қылмыс (әдетте, ауыр немесе аса ауыр) болып табылады, мүлікті тәркілеу жазасы көзделген жалғыз қылмыстық теріс қылық – экономикалық контрабанда (ҚР ҚК 234-баб. 1-бөл.). Демек, біздің жаңа қылмыстық заңнама бойынша мүлікті тәркілеу кез келген қылмыстық құқық бұзушылық үшін тағайындала алады: оның пайдакүнемдік ниетпен жасалуы немесе қылмыс болуы міндетті емес.

Бір түсініксіз жайт, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қарастырылып отырған жаза түрін тағайындау мүмкіндігі мүлде қарастырылмаған. Тіпті дәстүрлі түрде мүлікті тәркілеу жазасы көзделетін балық ресурстарын, басқа да су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз аулау (ҚР ҚК 335-бабы), заңсыз аңшылық (ҚР ҚК 337-бабы) сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін тәркілеу көзделмеген.

1997 жылғы ҚР ҚК мүлікті тәркілеуді тек қана Ерекше бөлімнің тиісті бабында арнайы көзделген жағдайларда тағайындауға рұқсат етеді. Жаңа қылмыстық заңнамада мүлікті тәркілеу жазасын қандай жағдайларда тағайындауға болатыны нақты айтылмаған. Демек, сот мүлікті тәркілеу жазасын ҚК Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделмеген жағдайларда да тағайындай алады. Ауқымды құқықтық шектеулермен ұштасатын, катал жаза түрін қолдану-қолданбау мәселесінде сотқа шексіз құзырет беру, біздің ойымызша, адам құқықтарының бұзылуына, заңсыздыққа, түрлі теріс пайдаланушылықтарға әкеліп соғуы мүмкін. Сондықтан, 2014 жылғы ҚР ҚК 48-бабын «Қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау қаруы немесе құралы болған мүлікті тәркілеуді қоспағанда, мүлікті тәркілеу осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда ғана тағайындалуы мүмкін» деген мазмұндағы 5-бөлікпен толықтыру қажет деп санаймыз.

2014 жылғы ҚР ҚК 48-бабында тәркілеу объектісі болып табылатын мүліктің қатарында «заңсыз жолмен табылған не заңсыз жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүліктің» аталуы тәркіленетін мүліктің шығу тегін мұқият анықтауды талап етеді.

Бұл заңнамалық қадам, бір есептен, азаматтардың адал еңбегімен тапқан меншігін құрметтеуге жол ашқанымен, екінші жағынан, көршілес Ресейдің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, құқыққорғау органдарын сыбайлас жемқорлық пен экономикалық қылмыстарға төтеп беру ісінде қауқарсыз етеді. Свердловск қаласында есірткі саудасымен шұғылданған қылмыстық топқа қатысты шығарылған сот шешімі біз көтеріп отырған мәселенің айшықты мысалы бола алады. Ресей Федерациясының Жоғарғы соты қылмыс жасау нәтижесінде алынғандығы дәлелденген мүлікті ғана тәркілеуге болады деп көрсетті. Сол себепті есірткі сатушылар жедел топтың қолына түскен кезде жасалған мәміледен түскен 21 мың рубльді тәркілеуді заңды деп тауып, ал Тәжікстанға аударылған ақша қаражаты мен автокөлікті және өзге де жылжитын-жылжымайтын мүлікті тәркілеу туралы сот шешімінің күшін жойды. Сот алқасы Тәжікстанға аударылған ақша қаражаты мен автокөліктің есірткі заттарының заңсыз айналымынан түскендігі құр болжамға негізделген деп тапты [8].

Аталған проблеманы шешудің бір амалы ретінде халықаралық ұйымдар иесі шығу тегінің заңдылығын растай алмайтын мүлікті тәркілеу мүмкіндігін көздейтін «in rem» институтын енгізуді ұсынады. Мысалы, Гонконг пен Сингапурда аталған институтты енгізу сыбайлас жемқорлық деңгейін айтарлықтай төмендетуге септігін тигізді. Қазіргі кезде бұл мәселе Ресейде қызу талқылануда, алайда ғалымдар жоғары лауазымды шенеуніктер «in rem» институтын енгізуге жол беретініне шүбә келтіреді.

Сотталғандар шығу тегінің заңдылығын растай алмайтын мүлікті тәркілеу институтының қарсыластары кінәсіздік презумпциясын алдыға тартады. Біздің ойымызша, бұл өте әлсіз уәж. Мысалы, АҚШ-та қылмыстық істердің бірқатар санаттары бойынша шығу тегінің заңсыздығы дәлелденбеген мүліктің тәркіленуі кінәсіздік презумпциясын толыққанды жүзеге асыруға еш кедергі келтірмейді.

Мүліктің шығу тегін дәлелдеу міндетін меншік иесіне жүктеу көптеген мемлекеттердің тәжірибесімен дәлелденген. Бұл рәсім шығу тегінің заңсыздығы қылмыстық іс материалдарынан көрініп тұрған мүлікке ғана бағытталғандықтан, ол кінәсіздік презумпциясы қағидатына кереғар келмейді. Аталған екі институт – кінәсіздік презумпциясы мен «in rem» институты – бірін-бірі толықтыра отырып, қатар жасай алады. Осы жолды тандап алсақ,

Қазақстанда да шығу тегі бұлыңғыр мүлікке алдымен тыйым салып, кейіннен сәйкес шешіммен тәркілеуге болар еді.

Біздің пайымдауымызша, Қазақстан ерте ме, кеш пе «in rem» институтын енгізу қажеттігін түйсінеді. Себебі Біріккен Ұлттар Ұйымының 2003 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы да, 1988 жылғы Есірткі және жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымымен күрес туралы конвенциясы (1998 жылғы 29 маусымдағы ҚР Заңымен ратификацияланған) да, сондай-ақ ақшаны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеумен шұғылданатын FATF ұйымы да «in rem» институтына жүгінуді ұсынады.

Сотталғандар шығу тегінің заңдылығын растай алмайтын мүлікті тәркілеу институтының жақтаушылары оны қылмыстық-процестік заңнамада құқықтық реттеудің түрлі жолдарын қарастырады. Р.В. Нигматулиннің пайымдауынша, мүлік қылмыс жасау нәтижесінде алынуы мүмкін деп пайымдауға негіз бар болған жағдайларда мүліктің шығу тегінің заңдылығын дәлелдеу міндеті айыпталушыға көшуі керек [9, 609]. В.А. Ионовтың пікірі бойынша, мүлікті тәркілеу мәселесін шешудің оңтайлы жолы – мүлікті тәркілеуді қолдану туралы істерді қылмыстық жолмен табыс табу туралы істерден бөлек қарастыру мүмкіндігін көздеу [10, 17]. Мәселені шешудің соңғы амалы Еуропаның бірқатар озық мемлекеттерінде, мысалы, Ұлыбританияда, сәтті қолданылып келеді.

Жаңа қылмыстық заңнаманың мүлікті тәркілеу туралы нормасын қолданғанда

туындайтын күрмеуі қиын мәселелердің бірі – экстремистік немесе террористік әрекетті қаржыландыруға немесе өзге де қамтамасыз етуге пайдаланылатын немесе арналған мүліктің шығу тегі қандай болуы керек деген сұрақ. Шетелдік тәжірибеде бұл мүлік заңды жолмен табылған болса да тәркіленеді. Ал біздің заңнамада мүлікті тәркілеудің анықтамасында (ҚР ҚК 48-баб. 1-бөл.) тәркілеудің заты ретінде «заңсыз жолмен табылған не заңсыз жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлік» аталған. Демек, экстремистік немесе террористік әрекетті не қылмыстық топты қаржыландыру үшін пайдаланылатын мүліктің де шығу тегі заңсыз болуы керек. Егер осы мақсаттарға заңды жолмен алынған мүлік пайдаланылса, ол мүлікті тәркілеуге болмайды. Терроризмге қарсы күрес мақсаттарына мүлде жауап бермейтін бұл заңнамалық шешімнің қисынсыздығы көзге ұрып тұр.

Мүлікті тәркілеу террористік, сыбайлас жемқорлық, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстармен күрестің тиімді құралы ретінде мемлекеттің, қоғам мен жеке тұлғаның мүліктік мүдделерін қорғаудың әмбебап құқықтық тетігіне айналуы үшін бірқатар теориялық мәселелерді шешіп, идеологиялық таптаурындардан бас тарту керек. Пайдакүнемдік бағыттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаудың «тиімсіздігі ахуалын» қалыптастыру үшін мүлікті заңсыз иеленушілер оны пайдалана алмайтындай, одан ешқандай табыс таба алмайтындай жағдай жасау керек, осылай ғана қылмыстылықтың ең қауіпті көріністерінің экономикалық тұғырын шайқалтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Иванова А.А. Преемственность как условие эффективности института конфискации имущества в противодействии коррупции //Юридическая техника. – 2011. №5. – С.179-183.
2. Кузенбаев Н.К. Социальные цели и функции конфискации имущества как дополнительного наказания //Вестник Института законодательства Республики Казахстан: научно-правовой журнал. - 2009. - №3(15). - С. 71-73.
3. Капинус О.С., Додонов В.Н. Конфискация имущества в международном и национальном праве /Современное уголовное право в России и за рубежом: некоторые проблемы ответственности: Сборник статей. М., 2008.
4. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000031>
5. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000347>
6. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000040>
7. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000431>
8. www.supcourt.ru/vs
9. Нигматуллин Р.В. К проблеме имплементации международно-правовых норм в сфере борьбы

с коррупцией и легализацией преступных доходов в российское законодательство // Легализация преступных доходов как угроза экономической безопасности России: теория, практика, техника гармонизации международно-правовых и национальных механизмов противодействия: Сборник статей / Под ред. В.М. Баранова. Л.Л. Фитуни. - Н. Новгород, 2009.

10. Александров А.С., Ионов В.А. Проблемы совершенствования института конфискации имущества в российском законодательстве // Вестник Нижегородской академии МВД РФ. – 2011. - №1(14).



Мақалада мүлікті тәркілеу туралы қылмыстық-құқықтық норманың Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы эволюциясы талданады. Автор тәркілеу затын қылмыстық жолмен алынған мүлікке дейін тарылту тәжірибесіне оң баға береді, сонымен қатар Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінің 48-бабын қолдану кезінде туындауы мүмкін проблемаларды болжайды, шетелдік тәжірибені ескере отырып оларды шешу жолдарын ұсынады.

Түйін сөздер: жаза, мүлікті тәркілеу, қылмыстық жолмен алынған мүлік, сыбайлас жемқорлық, халықаралық конвенциялар.

В статье анализируется эволюция уголовно-правовой нормы о конфискации имущества в условиях Независимого Казахстана. Автор дает положительную оценку практике сужения предмета конфискации до имущества, добытого преступным путем, в то же время прогнозирует проблемы, которые могут возникнуть при применении статьи 48 нового Уголовного кодекса Республики Казахстан, с учетом зарубежного опыта предлагает пути их решения.

Ключевые слова: наказание, конфискация имущества, имущество, добытое преступным путем, коррупция, международные конвенции.

The following article analyzes evolution of the criminal law on confiscation of property under the conditions of Independent Kazakhstan. The author gives a positive assessment to the practice of narrowing confiscation to the property obtained by criminal means, at the same time forecasts problems that may occur while applying Article 48 of the new Criminal Code of the Republic of Kazakhstan, additionally offers solutions taking into consideration international expertise.

Keywords: punishment, confiscation of property, property obtained by criminal means, corruption, international conventions.

Жания Мусина,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдары Академиясының докторанты, құқық магистрі

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы мүлікті тәркілеу: құқықтық реттеудегі жаңа ұстанымдар

Мусина Жания,

докторант Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, магистр права

Конфискация имущества в уголовном законодательстве Республики Казахстан: новые подходы в правовом регулировании

Mussina Zhaniya,

PhD student of Academy of Law enforcement agencies, Master of Law

Confiscation of property in the criminal law of the Republic of Kazakhstan: new approaches in the statutory regulation